

15 Ричард Томас. Количественные методы анализа хозяйственной деятельности: Пер. с англ. — М.: Изд-во «Дело и Сервис», 1999. — 432 с.

16 Малыхин В.И. Математическое моделирование экономики: Учеб.-практ. пособие. — М.: Изд-во УРАО, 1998. — 160 с.

17 Шикин Е.В., Чхартишвили А.Г. Математические методы и модели в управлении: Учеб. пособие. — М.: Дело, 2000. — 440 с.

18 Ларионов А.И., Юрченко Т.И., Новосёлов А.Л. Экономико-математические методы в планировании: Учеб. — М.: Высш. шк., 1991. — 240 с.

19 Холод Н.И., Кузнецов А.В., Жихар Я.Н. и др. Экономико-математические методы и модели: Учеб. пособие. — Минск: Изд-во БГЭУ, 1999. — 413 с.

20 Трояновский В.М. Математическое моделирование в менеджменте: Учеб. пособие. — М.: Русская деловая литература, 1999. — 240 с.

В.И.Герасимчук

## Математикалық модельдеу нысаны ретіндегі маркетингті зерттеудің ілімдік және әдістемелік негіздері

Қазіргі заманғы маркетингтің негізгі ұғымдары және элементтері көрсетілген. Колданылуда кәсіпорындардың маркетингтік бөлімдері қызметінің сапасын және тиімділігін арттыруға әкелетін экономикалық-математикалық тәсілдер мен модельдердің жүйесі келтірілген. Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді модельдеудің негізгі принциптері қарастырылған. Маркетингтік есептерде негізгі экономикалық-математикалық модельдерді құру және пайдалану үдерісі бейнеліп, негізгі мәселелердің шеңбері айқындалған.

The basic concepts and elements of modern marketing reveal. The system of economic-mathematical methods and the models which application urged to raise quality and efficiency of activity of marketing services of the enterprises is stated. Main principles of modelling of social and economic systems are considered. Process of construction and use in problems of marketing of the basic economic-mathematical models is described. The circle of problems of economic-mathematical modelling in marketing sphere is allocated.

ӨЖ [332.146: 330.322] (574)

Ө.Қалымбетов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### Өндіріс шығындары: үстеме шығындар есебінің ерекшеліктері

Өндірістік шығындардың құрамындағы үстеме шығындар өнімді өткізуге байланысты бұйымның өзіндік құнын арттыратындығы көрсетілген. Алайда үстеме шығындардың ерекшеліктері қаржылық есеп тұрғысынан алғанда барлық жағдайда да ескеріле бермейтіндігі айтылған. Аталған тақырып Қарағанды қаласы, Резник көшесі, 24 үйде орналасқан «Нұрхан» ЖШС темірбетон бұйымдары зауытының мысалында ашылып жазылған. Мақала студенттерге, оқытушыларға және бухгалтерлік есепке қызығушылық танытатын барлық адамдарға оқу-тәжірибелік материал ретінде ұсынылған.

*Кілтті сөздер:* үстеме шығындар, өнім, бұйым, құн, материалдық шығындар, жабдықтаушылар, тасымалдаушылар, жанама еңбек, тура еңбекақы, өндірістік желі, тікелей өнім.

Үстеме шығындарды өнімнің өзіндік құнына апару керек пе? Олай болса шығындар ретінде үстеме шығындар есебін қалай түсінеміз?

Үстеме шығындардың ерекшелігі — оларды өнімнің әр бірлігінің өзіндік құнына жатқызбайды. Оған себеп — мұндай шығындар дайын өнімге (бұйымға) тікелей қатысы жоқ. Қалай болғанда да үстеме шығындар кәсіпорын өніміне байланысты шығындар санатында болатыны және өнімді сатуға байланысты үстеме шығындар өнімнің құнын арттыратыны — дау туғызбайтыны анық.

Тақырыпты ашу мысалдары ретінде Қарағанды қаласында Резник көшесі, 24 мекенжайында орналасқан нақты темір-бетон бұйымдары зауыты (ЗЖБИ) — «Нұрхан» ЖШС алынды (бұдан әрі қарай мәтін бойынша атауы — «Зауыт» деп келтірілді).

Зауыттың бухгалтерлік есебінің ең бір көлемді бөлімдерінің бірі — өндірілетін өнім шығындарының есебі мен дайын бұйымның өзіндік құнын калькуляциялау. Зауытта, әдетте, қолданылатын тәсіл — толық өзіндік құнды есептеу. Бұл тәсілді батыс іс-тәжірибесінде «абзорпшн-костинг» тәсілі деп атайды.

Абзорпшн-костинг тәсіліне сәйкес өнімнің өзіндік құнына, олардың тұрақты ма немесе ауыспалы ма екеніне назар аудармастан, өнімді шығаруға кететін бүкіл шығын жатқызылады. Сонда өнімнің өзіндік құны құрамына кіретіндер: материалдық және еңбек шығындары, сонымен қатар үстеме шығындардың бір бөлігі.

Аталмыш Зауытта өнімнің өзіндік құны құрамында материалдық шығындар ең негізгі орын алады. Материалдық ресурстар өндіріс үрдісінде бір реттен ғана қатысады және өзінің құнын өндірілетін өнімге (бұйымға) толығымен шығарады. Сондықтан да әрбір өндіріс үрдісінен кейін оларды сондай ресурстардың басқаларымен алмастырып отыруға тура келеді.

Зауыттағы өзіндік құны құрамында көрсетілетін материалдық шығындар төмендегі баптармен белгіленеді:

- шикізаттар мен материалдар (цемент, құм, балласт, қиыршық тас, су, арматура);
- зауыт өнімдері — жартылай фабрикаттар (бетон, балласт);
- қайтармалы қалдықтар (есептен шығарылып тасталады);
- қосымша материалдар (майлау материалдары);
- технологиялық мақсаттағы отын мен энергия.

Материалдардың факті бойынша өзіндік құны оларды сатып алу құнынан және тасымалдау-дайындау шығындарынан тұрады. Соңғысына жатқызылатыны: материалдарды Зауытқа тасымалдау, оларды қоймаға жеткізу және сақтауға байланысты шығындар; материалдарды табуға/алуға байланысты ақпараттық және кеңестік (консультациялық) қызмет шығындары; кедендік баж; материалдарды табуға/алуға байланысты делдал ұйымдарға төленген қызмет ақысы; материалдарды сатып алуға кеткен коммерциялық несие пайыздарын өтеу шығындары.

Факт бойынша өзіндік құнға жатқызылмайтыны — жабдықтаушыларға, тасымалдаушыларға және басқа да ұйымдарға төленген қосымша құн салығы (ҚҚС) сомалары.

Зауытқа келіп қосылатын тауар-материалдық қорлар есебі ҚЕХС (МСФО) 2 «Қорлар» және 2 ҚЕҰС (НСФО), 12-бөлім «Қорлар»-ға сәйкес ұйымдастырылған. Кәсіпорынға қабылданған және сонан соң Зауыт өндірісіне жіберілетін тауар-материалдық қорлар ФИФО — алғашқы сатып алу — тәсілімен есепке алынады.

Өндірісте қолданылатын шикізат пен материалдармен қатар жұмыс күші мен өндіріс жұмыскерлерінің еңбегін құрайтын шығындар маңызды орын алады.

Еңбеккерлердің еңбек өтемақысының негізгі түрі және еңбектің нәтижелілігін материалдық ынталандыру болып саналатыны — бұл еңбекақы. Аталмыш Зауытта жұмыстағылардың еңбегі және еңбек ақысы тура және көмекші болып бөлінеді.

Тура еңбекақы өндірістік еңбек шығындарына апарылады да тікелей өнім өндіру шығындарына жатқызылады. Тура өндірістік еңбек — бұл темір-бетон бұйымдарын шығаруға қатысы бар нақты тапсырыстарды өндірістік желілерде орындау еңбегі.

Өнім өндіруге тікелей қатысы жоқ еңбек шығындарын көмекші шығындар, немесе жанама еңбек, деп атайды. Жанама еңбекке құрал-саймандарды жөндеу, өндірісті бумен, электрмен, жылумен қамтамасыз ету қызметтері жұмыскерлерінің еңбекақысы жатқызылады. Осы аталған еңбек шығындары өндірістік үстеме шығындарды құрайды.

Сонымен, есеп жүргізу тәжірибесінде материалдарға шығындар және еңбекақы бойынша шығындар өндірілетін өнім құнына тікелей апарылатынын айтар болсақ, осыны үстеме шығындар есебіне келтіру осыншама қарапайым болмайды екен.

Үстеме шығындардың анықтамасына келетін болсақ — бұл өндірісті жүргізуге және басқаруға байланысты, кәсіпорынды басқаруға байланысты кешенді шығындар.

Үстеме шығындар өндірістік емес (жалпы шаруашылық) және өндірістік (жалпы өндірістік) болып екі топқа бөлінеді.

Жалпы шаруашылық шығындары өндіріске жалпы қызмет ету, негізінен өндірісті ұйымдастыру және басқарумен байланысты. Шығындардың осы тобына жатқызылатыны: әкімшілік-басқару

шығындары, ғимараттарды қалыпты сақтау және жөндеу, жалпы шаруашылыққа жататын құрылғылар, жұмыс күшіне байланысты шығындар: таңдау, сұрыптау, басшыларды оқытып дайындау, қайта даярлау және білім деңгейін жетілдіру, міндетті салықтар, заңнамалар тәртібімен бекітілген төлемдер.

Өндірістік үстеме шығындар — бұлар өндірісті ұйымдастыру, оған қызмет ету және басқару шығындары. Олар өндірістік құрамдарда — учаскелерде, цехтарда, өндіріс бөлімшелерінде орын алады [1].

Өндірістік үстеме шығындардың құрамына шығындардың екі үлкен тобы жатқызылады:

1) құралғыларды қалыпты ұстау және пайдалану бойынша шығындар:

- өндірістік құралғылардың тозуы;
- техникалық қызмет ету және жөндеу;
- отын, электр энергиясының және басқа да материалдардың құны;
- құрылғыларда қызмет ететін жұмыскерлердің еңбекақысы және заңнамалық түрде бекітілген еңбекақыға байланысты төлемдер;
- құрылғыларды қызмет ету бойынша көмекші өндірістердің қызметі;
- бір мезет орын алатын шығындар (құрылғыларды демонтаждау бойынша);
- құрылғыларды пайдалануға байланысты басқа да шығындар (жал төлемі);

2) жалпы өндірістік (жалпы цехтық) шығындар:

- жалпы өндіріс персоналын ұстау (төлемдерімен қоса алғандағы еңбекақы, іссапар шығындары);
- өндірісті дайындау және ұйымдастыру шығындары;
- жалпы өндірістік болып келетін негізгі құралдардың амортизациясы мен жөндеу шығындары;
- өндіріске жұмсалған коммуналдық қызмет;
- жалпы өндірістік болып келетін жалданған ғимараттардың және басқа да негізгі құралдардың төлемі.

ҚЕХС бойынша жалпы өндірістік үстеме шығындар өнімнің өзіндік құнына жатқызылады, ал жалпы шаруашылық үстеме шығындары өнімнің өзіндік құнына апарылмай компанияның қаржылық қызмет нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Үстеме шығындардың өздеріне тән ерекшелігі — оларды өнім бірлігінің өзіндік құнына апару мүмкін еместігінде. Себебі, бұл шығындар кәсіпорын өндірісіне қатысты жалпы шығындарға ғана қатысы болады, тек қана өнімді өткізуге кешенді түрде апарылады. Қалай болғанда да үстеме шығындарды бұйымның (өнім бірлігінің) өзіндік құнына жатқызбағанмен де, өнімнің өзіндік құнына апару қажет. Ол үшін кәсіпорынның үстеме шығындарын екі сатылап бөлу қарастырылады.

Солай болса, бірінші сатыда өндірістік үстеме шығындар сәйкес орталықтар бойынша (жауапкершілік орталықтары) бөліске түседі. Екінші сатыда өндірістік үстеме шығындарды өнімге апару үшін негіз ізделінеді. Ол негізді бөлу базасы деп атайды. Бөлу базасы ретінде қолданылатын көрсеткіштер мыналар болуы мүмкін:

- негізгі өндірістік жұмыскерлердің немесе құрылғылардың пайдаланудағы болған факті бойынша мерзімі;
- негізгі өндірістік жұмыскерлердің еңбек шығындары;
- негізгі материалдарға есептелген шығындар;
- есептелген тура шығындар;
- есептелген өнім көлемі [2].

Үстеме шығындарды тарату үрдісін оларды қосып алу немесе үстеме шығындарды тарату деп атайды. Өндірістік үстеме шығындар нақты өнім түріне белгіленген мөлшерде таратылып және үстеме шығындар ставкасымен есептелініп апарылады.

Үстеме шығындар (ҮШ) мөлшерін есептеудің математикалық формуласы төмендегідей:

$$\text{ҮШ ставкасы} = \frac{\text{Бөлінген үстеме шығындар}}{\text{Тарату базасының жалпы мөлшері}} \quad (1)$$

Сонан соң үстеме шығындар белгіленген ставкалар негізінде өнімге бөлінеді. Бөлу әрбір орталықтың үстеме шығындар ставкаларын әрбір тұтылған өнімнің үстеме шығындарды тарату базасына көбейту арқылы орындалады.

Кейбір кәсіпорындар үстеме шығындарды таратудың екі сатылық түрін қолдана бермейді. Оларда өндірістік үстеме шығындар шығындар орталықтары бойынша таратылмайды. Оның орнына үстеме шығындарды таратудың бірізді (единая) ставкасы енгізіледі [3].

«Бірізді ставкасы» (жалпы зауыттық) термині бүкіл кәсіпорын бойынша белгіленген үстеме шығындарды тарату ставкасын білдіреді.

Зауытта үстеме шығындарды таратудың бірізді ставкасы қолданылады. Себебі конвейерлік технологиямен өндірілетін темір-бетон бұйымдарына қосылатын үстеме шығындар шығындар орталықтарында тура пропорциялармен бөлінеді.

Зауыттың үстеме шығындары құрамына енетіні: өндірістік құрылғылардың амортизациясы, құрылғыларды пайдалану және жөндеу шығындары, негізгі емес, қосымша өндірістік жұмыскерлердің еңбек шығындары, жал төлемдері, коммуналдық қызмет және басқалары. Бірізді ұдайы үстеме шығындарды (ҰҮШ) тарату есебінің тәртібі төменде келтірілген.

$$\text{ҰҮШ бірізді ставкасы} = \frac{\text{Жыл бойына ұдайы үстеме шығындар}}{\text{Өндірілген өнім көлемі}} \quad (2)$$

Жоғарыда келтірілген формула негізінде 2008–2009 жж. бойынша өндірістік үстеме шығындардың бірізді ставкасын анықтаймыз. Зауыт ЖШС-нің 2008–2009 жж. есеп беруіне сай өндіріс көлемінің 20 000 текше м болғанын, ал әр кезеңдегі өндірістік үстеме шығындардың шамасы 32 650 000 тг құрағанын көреміз. Соған сай өндірістік үстеме шығындардың бірізді ставкасы тең болады:

$$\text{ҰҮШ бірізді ставкасы 2008–2009 жж.: } 32\,650\,000 : 20\,000 = 1632,5 \text{ тг/м. м}$$

2010 жылғы жоспар бойынша да Зауытта 20 000 текше м бұйым шығарып, сату ойластырылған. Сонда, жоспарланатын өндірістік үстеме шығындардың шамасы 33 250 000 тг болады. Осы көрсеткіштер негізінде 2010 ж. өндірістік үстеме шығындардың бірізді ставкасы есептеледі:

$$\text{ҰҮШ бірізді ставкасы 2010 ж.: } 33\,250\,000 : 20\,000 = 1662,5 \text{ тг.}$$

Сонымен, есептік жолмен табылғаны 1 текше м темір-бетон бұйымдарын шығаруға кететін үстеме шығындардың бірізді ставкасы 2008, 2009 жж. 1 632,5 тг, ал 2010 ж. 1 662,5 тг құрайды.

Зауыттың темір-бетон бұйымдарының өзіндік құнын қалыптастыратын негізгі көрсеткіштермен таныса отырып, бұндағы бухгалтерлік есеп шоттарында өнім өндіру үрдісінің көрсетілу тәртібін қарастырайық.

15.02.2010 ж. Зауытта П-25 деп аталатын темір-бетон бұйымдарының кезекті өнімі шығарылды. Бұл өнім партиясы (өлшемі 6×1,5×0,2), саны 10 дана төбе жабу тақтайларынан тұрады. Бетон құю үшін Зауыт қоймасынан бетон дайындау құрылғысына шикізат берілді: цемент 9,009 т; қиыршық тас 16,216 т; балласт 10,810 т, құм 9,009 т, сонымен қатар қолданылған су 0,5 куб. м, еңбек шығындары 1,4 адам/сағ, электр қуаты 10 кВт·сағ. Зауытта шығарылатын бетон келесі өнімдерді шығару үшін жартылай фабрикат болып саналады.

П-25 өнімі үшін 15.02.2010 ж. дайындалатын бетонның калькуляциясы 1-кестеде берілген.

1 - к е с т е

**П-25 өнімі үшін дайындалатын бетонның калькуляциясы [4]**

Шығын баптарының атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы (тг.)	Сомасы (тг.)
<b>Материалдар</b>				
- цемент	Тонна	9,0090	12040,0	108 468,4
- қиыршық тас	Тонна	16,2162	965,0	15 648,6
- балласт	Тонна	10,8108	600,0	6 486,4
- құм	Тонна	9,0090	213,0	1 918,9
<b>Энергоресурстар</b>				
- электроэнергия	кВт·сағ	180,1800	7,5	1351,4
- су	Текше м	9,009	100,0	900,9
<b>Еңбекақы қоры, төлемдерімен</b>				
- еңбек шығындары	Адам/сағ	25,2252	400,0	10 090,1
<b>Қорытындысы</b>	х	х	х	144 864,7

Бетон лайы дайын болған соң осы жартылай шикізат П-25 бұйымын шығару үшін негізгі өндіріске жөнелтіледі. Сонымен қатар қоймадан негізгі өндіріске жіберілгені: А3 d16 маркалы металл 1,008 т көлемінде, опалубканы майлау үшін қажетті арнайы май 32,4 кг болды. П-25 жабу тақтайларын өндіруге, сонымен қатар негізгі өндірістің 22 жұмыскері қатысты, әр жұмыскер барлығы 7,2 еңбек/сағ жұмсады. Электроэнергия шығындары 504 кВт-сағ, ал бұйымды жылытуға кеткен будың шығыны 9,9 Гкал құрады.

Зауыт ЖШС-де өндірістік үстеме шығындарды өндірілген өнімге таратып тастау үшін 2-формулада келтірілген үстеме шығындарды таратудың бірізді ставкасын қолданады.

Сонымен, өндіріс шығындары нәтижесінде М 200 маркалы 18,018 текше м бетон дайындалды. Осы операцияны есеп шоттарында көрсету үшін төмендегідей проводкалар беріледі (2-кесте):

2 - к е с т е

**Бетон шығару бойынша шоттар корреспонденциясы [4]**

Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		Сомасы (тг.)
	дебет	кредит	
Бетон дайындау цехына қоймадан шикізат жіберілді	8210	1310	132 522,3
Бетон дайындау цехы жұмыскерлеріне еңбекақы есептелді	8210	3350	10 909,1
Электроэнергия мен су үшін төлем есептелді	8210	3390	2 253,3

П-25 жабу тақтайларының шығындарын өндірістік партиямен калькуляциялау 3-кестеде көрсетілген.

Сонымен, П-25 бұйымын партия етіп шығаруға жұмсалған тікелей өндірістік шығындардың жиынтық шамасы 312 055,9 тг болды. Қалай болғанда да, осы шығындардан тыс Зауытта орын алатын басқа да шығындар бар: өндірістік жабдықтардың амортизациясы; қызмет ету персоналының, жөндеу жұмыскерлерінің, электрик, отжағушылардың, тағы басқалардың еңбекақы шығындары — осылардың барлығы өндірістік үстеме шығындар ретінде есепке алынады.

3 - к е с т е

**П-25 бұйымын өндірудің өзіндік құнын калькуляциялау [4]**

Шығындар баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы (тг.)	Сомасы (тг.)
Материалдар				
- бетон М200	Тонна	18,018	8 040,0	144 864,7
- металл А3 d16	Тонна	1,008	92 900,0	93 643,2
- майлар	Килограмм	32,400	56	1 814,4
Энергоресурстар				
- электроэнергия	кВт-сағ	504	7,5	3 780,
- бу	Гкал	9,9	464	4 593,6
Еңбекақы қоры				
- еңбек шығындары	Адам/сағ	158,4	400	63 360,0
Тура шығындар қорытындысы				312 055,9

Берілген есептеулерге сәйкес темір-бетон өнімдерінің 1 текше м 2010 ж. өндірістік үстеме шығындар 1 662,5 тг шамасында болды.

Сонымен, негізгі өндірісте П-25 жабу тақтайлары партия етіп шығарылады, ал бетон көлемі жиынтықтап көрсеткенде 18 текше м болады. Осылайша, шығарылған өнім көлеміне апарылатын өндірістік үстеме шығындар — 29 925 (1662,5×18) тг. Ал, П-25 тақтайлары партиясының өндірістік құнының жалпы шамасы 341 980,9 (312 055,9+29 925) тг болады. Осы операцияларды бухгалтерлік есеп шоттарында көрсету тәртібін қарастырайық (4-кесте).

Сонымен, көлемі 18 текше м болатын жабу тақтайлары өндірілді. Әр тақтайдың өлшемдері: ұзындығы 6 м, ені 1,5 м, биіктігі 20 см. Әр тақтайдың көлемі (6×1,5×0,2) 1,8 текше м болады екен, сонда 18 текше метрден тұратын партияда П-25 маркалы 10 жабу тақтайы болады.

Жабу тақтайларының 1 текше м өндірудің өзіндік құны 18 998,9 тг және бір бірліктің, яғни көлемі 1,8 текше м бір тақтайдың, өзіндік құны 34 198 тг болады.

4 - кесте

**П-25 темір-бетон жабу тақтайларын өндіру бойынша шоттар корреспонденциясы [4]**

Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		Сомасы (тг.)
	дебет	кредит	
Негізгі өндіріске дайын бетон жөнелтілді	8110	8210	144 864,7
Негізгі өндіріске металл жөнелтілді	8110	1310	93 643,2
Негізгі өндіріске жағу майлары жөнелтілді	8110	1350	1 814,4
Негізгі өндіріс жұмыскерлеріне еңбекақы есептелінді	8110	3350	63 360,0
Электрэнергия шығындары есептелінді	8110	3390	3 780,0
Негізгі өндіріске жұмсалған бу шығындары есептен шығарылды	8110	8310	4 593,6
Үстеме шығындар негізгі өндіріс шоттарына апарылды	8110	8410	29 925,0

П-25 темір-бетон өнімдерінің партиясы негізгі өндірістен шыққан соң олар қоймаға қабылданды — есепке алынды, яғни зауыт бухгалтериясының есебінде мынандай жазу түсті. Дайын өнім кәсіпорынның қоймасына кірістелді: дебет — 1320, кредит — 8110, сомасы 341 980, 9 тг.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе айта кету жөн болатыны: Зауыт өнімдерінің өзіндік құнын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі көрсеткіштер мыналар: шикізат пен материалдар шығындары, еңбек шығындары, энергоресурстар және өндірістік үстеме шығындар.

**Әдебиеттер тізімі**

- 1 Карпова Т.П. Управленческий учет: Учеб. для вузов. — М.: ЮНИТИ, 2001. — 350 с.
- 2 Хорнгрен Ч.Т., Фостер Дж. Бухгалтерский учет: управленческий аспект: Пер. с англ. / Под ред. Я.В.Соколова. — М.: Финансы и статистика, 1995. — 416 с.
- 3 Друри К. Введение в управленческий и производственный учет: Учеб. пособие для вузов: Пер. с англ. / Под ред. Н.Д.Эрнашвили. Предисл. проф. П.С.Безруких. — 3-е изд., перераб. и доп. — М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998. — 783 с.
- 4 «Нұрхан» ЖШС-і 2008, 2009 жж. жылдық есептері мен соларға тіркелген түсіндірме жазбалары және 2010 ж. жоспары мен есептеулері.

**Ө.Қалымбетов****Производственные расходы: особенности расчета накладных расходов**

Общепризнано, что накладные расходы в составе производственных расходов и в связи с реализацией продукции увеличивают себестоимость изделий. Вместе с тем не всегда учитываются особенности накладных расходов в финансовом учете. Раскрытие данной темы осуществлено на примере ТОО «Нурхан» — завода железобетонных изделий, расположенного в городе Караганде.

Overhead costs in compared of production expenses and in connection with realization of products increase the cost of product. However, the particularity of the overhead costs for financial accounting not always taken into account. Disclosure of this theme is made on a specific example — «Nurhan ltd.» — the reinforced concrete products plant, which is situated in Karaganda city, Reznik street, 24.